

Ә.О.Ыбырайым

*М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
(E-mail: azimchan23@mail.ru)*

Қазақ тіліндегі ресми-іскерлік стильдің қалыптасу, даму кезеңдері

Мақалада қазақ тіліндегі ресми-іскерлік стильдің, мемлекеттік тілдің қолданылу аясы мен мемлекеттік тілде іс жүргізу үлгілерінің қалыптасу, даму тарихы қарастырылды. Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізудің тарихы алты кезеңге жіктеліп, әр кезеңге сәйкес құжаттардың тілдік белгілері мен әлеуметтік қызметі айқындалды. Сондай-ақ елімізде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған ресми-нормативтік құжаттарға талдау жасалған. Ол құжаттардың кемшіліктері мен жетістіктері жан-жақты зерттелген.

Кілт сөздер: мемлекеттік тіл, тілдік жағдаят, іс қағаздары, ресми-іскерлік стиль, ресми құжаттар, жолдау, мемлекеттік тілдің қолданылу аясы.

Мемлекеттік тіл — мемлекеттік сәйкестіктің басты нышандарының бірі. Әлеуметтік-лингвистикалық модель тұрғысынан алғанда, ол, ең алдымен, осы мемлекеттегі сан алуан ресми қарым-қатынастар жүзеге асатын тіл. Яғни, заң актілерінің, іс қағаздарының, қызметтік-іскерлік жазбалардың, ресми, оның ішінде халықаралық қарым-қатынастың, сот істерін жүргізудің тілі. Мұның өзі қазақ тілін дамыту, оның қолданылу аясын кеңейту мәселесі бірыңғай этнолингвистикалық немесе әлеуметтік-лингвистикалық сипат шегінен асып, аса ауқымды саяси-әлеуметтік проблемалар санатына қосылғандығын көрсетеді. Еліміздегі тіл тұтынушыларды мемлекеттік тілге үйренуге ынталандыратын ішкі және сыртқы факторлар мен уәждерге ғылыми-сараптамалық талдау жасаудың қажеттілігі, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты қалыптасқан тілдік жағдаятты, тілдік сәйкесімділік проблемаларын зерттеу – бүгінгі тіл білімінің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Қазіргі кезде мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кеңейіп, іс жүргізу үлгілері қалыптасып, мемлекеттік тілдегі құжат айналымының біршама өсіп келе жатқаны байқалады. Дегенмен, бұл үрдіс бір күнде пайда бола қойған жоқ, ол бірнеше ғасырдан астам уақыт даму, қалыптасу тарихын бастан кешірді. Қазақ тіліндегі ресми-іскерлік стильдің жетілу процесін бірнеше кезеңге бөлуге болады.

I-кезең. Тіліміздегі ресми-іскерлік стильдер өз бастауын XVII ғасырдағы қазақтың хан, сұлтан, билердің орыс империясы мен басқа да көрші мемлекеттердің әкімшілік орындарына және бір-біріне жазысқан әрқилы сипаттағы қағаздары мен хатарынан алады.

Бұлар көбіне өтіну, ескерту, мәлімет беру сияқты құжаттар мен хаттар болып табылады. Тіл жағынан алғанда, бұл құжаттар арнаулы кеңсе тілінің үлгілеріне жатады. Мұнда татар тілінің элементтері басым болып, Орта Азия тілдеріне тән архаизмдер мен арабизмдер кең қолданылады. Аталмыш құжаттардағы сөздердің басым бөлігі қазақ тілініңкі емес, онда ортаазиялық әдеби тіл мен татар тілінің элементтері қамтылады. Грамматикалық формалар да ортағасырлық түркі жазба тілдерінің нормаларына тән. Сондай-ақ бұл құжаттардағы тағы бір стильдік белгі — әрбір сатыдағы әкімдерді дәріптеп атайтын тұрақты эпитеттердің қолданылуы шарт болды. Мысалы: *бийуқ мартабалу, гизатлу, хурматлу, шафағатлу* т.б. Дегенмен осы тұста көптеген жаңа ұғымдардың атаулары пайда болып, тұрақтана бастады. Мысалы: *саудагер — купец, мал — товар, елші — посланец, депутат, Сахара — степь, әкім — начальник, аманат — заложник, тұтқын — пленник* және т.б. [1; 240].

II-кезең. XIX ғасырдың II-жартысында қазақша ресми-іскерлік стиль тілдік, стильдік жағынан біршама тұрақталып, өз алдына жеке дербес стиль болып қалыптасты. Ол бұрынғы ресми құжаттар мен ресми хат-хабарлар тілінің негізінде дамыды. Біраз өзгерістерге ұшырап стильдік жағынан жетілді. Ең алдымен, бұл стильді көрсететін үлгілердің түрлері мен адресаттары өзгерді. Бұрын сөз болып отырған жанр материалдары негізінен ресми хаттар, арыздар, шағымдар және патша өкіметі тарапынан жергілікті билеушілерге жіберілген бұйрықтар түрінде болса, енді бұл аталғандармен қатар, патша өкіметі тарапынан жазылған бұйрық-жарлық, нұсқау, ереже, үндеу сияқты іс қағаздар

үлгілері көбейе түсті және олардың барлығы дерлік аударма болып келеді. Бұл ресми қағаздардың бірқатары хан, аға сұлтан сияқты жеке адамдарға емес, көпшілікке арналған мазмұнда болып келгендіктен, олар мерзімді баспасөз бетінде немесе жеке басылым болып жарияланатын болды. Осы бағытта сол кезде шығып тұрған «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» сияқты бұқаралық ақпарат құралдары ерекше рөл атқарады.

Академик Р.Ғ.Сыздықова осы кездегі ресми және іс қағаздар стиліндегі материалдарды мазмұны мен адресаттарына қарай бірнеше топқа жіктейді. Ең алдымен, патша үкіметі (ең жоғарғы органнан бастап жергілікті әкімшіліктерге дейін) тарапынан жазылған бұйрық-жарлықтар (указы, распоряжения, приказы), ережелер (положения), екінші топты заң, сот істеріне байланысты ереже, бұйрық, анықтама т.б. құрайды. Үшінші топта ресми орындарға жеке адамдар жазған арыз, хабарлау сияқты материалдар қаралуға тиіс [1; 245].

III-кезең. XX ғасырдың басында қазақ мерзімді баспасөз құралдарының дамуына байланысты ресми-іскерлік стиль лексикасы, орфографиясы, морфологиялық құрылымы жағынан нормаланып, жетіле түсті. Дегенмен ортағасырлық түркілік элементтер әлі де болса негізгі қызмет атқарып келді. Тек Қазан төңкерісінен кейін ғана қазақ тілінде іс жүргізу ісі қолға алынып, тіл тазалығы үшін үлкен күрес басталды.

1923 ж. 22 қарашасындағы Орынборда жарияланған «Тіл туралы» Декретте қазақ, орыс тілдеріне бірдей мемлекеттік тіл мәртебесі берілді. Қоғам қайраткері С.Оразалинов: «Осы бір баптың кейіннен қазақ тілінің өрісін тарылтып, маңдайына сор болып жабысқанын», — ашына жазады [2; 17]. Бірақ бұл кездегі құжаттарда қазақ тілінің мәртебесін көтеретін көптеген шаралар да белгіленді. 1924 ж. 26 маусымында Еңбек халық комиссариаты «орыс қызметкерлерін қазақ немесе қазақ тілі мен жазуын білетін қызметкерлермен алмастыру жөнінде» хат жіберіп, «Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда қазақ тілінде іс жүргізуде жұмысшылар мен қызметкерлердің санын молайту және қазақ тілі мен жазуын білетін мамандармен алмастырудың тәртібін күшейту жөнінде» Қаулы қабылдайды. Сондай-ақ БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті 1933 ж. 4 сәуірінде батыл қадамға барып, төмендегі жоғарғы мемлекеттік мекемелердің қазақ тіліне көшуін жоспарлайды:

- 1) ҚазОАК;
- 2) Ағарту халкомы;
- 3) Денсаулық сақтау халкомы;
- 4) Әділет халкомы;
- 5) Жұмысшы-шаруа милициясы [2; 18].

Осы Қаулыны жүзеге асыру барысында ҚазОАК мен ХКК түрлі ынталандыру шараларын да қолданған. Мәселен, қазақ тілінде еркін сөйлейтіндерге 10 %, іс жүргізе білетіндерге 15 % үстеме ақы төленсе, ал жоғары оқу орындарында қазақ тілінде дәріс оқитын оқытушылардың еңбекақысына 25 % қосымша қосылған. Тіпті, 1934 ж. Орталық Атқару Комитетінің «Қазақ мектептерінен басқа мектептерде қазақ тілін міндетті түрде оқыту жөніндегі» Қаулысы да шығады.

Осы құжаттарды іске асыру барысында қыруар шаруа атқарылып, қазақ тілінде іс жүргізу қолға алынды. Қазақ тілі ортағасырлық түркілік элементтерден тазартылып, лексикалық тұрғыдан дамып, біраз терминдер атау ретінде қалыптасты. Сондай-ақ морфологиялық тұлғалар мен синтаксистік құрылымы жағынан бір ізге түсіп нормаланды. Бұл тұрғыда, әсіресе, қазақ тіл білімінің алғашқы ғылыми негізін қалаған белгілі қоғам қайраткерлері А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамбетұлы, Қ.Жұбанов, тағы басқалар сияқты тұлғаларды ерекше айтуға болады. Алайда бұл жұмыстар түрлі әлеуметтік, саяси себептердің салдарынан аяқсыз қалып, қазақ тілі ескерусіз қалды. 1941 ж. 1 тамызда жоғарыда аталған жеңілдіктерді қайтып алу жөнінде Қаулы шықты. Осыдан кейін-ақ қазақ тілінің көші түзеле қоймады. Қазақ тіліне төніп келе жатқан қауіпті алғашқылардың бірі болып, даңқты батыр Б.Момышұлы байқады. Батырдың қырағы көңілі мен көреген ақылы 1944 ж. елде болған аз ғана күнде осы қатерді нақ басып тани білді және оған деген өз қарсылығын жариялап та үлгерді. Қазақтар арасындағы тілдік бөліну, міне, осы жылдардан-ақ бастау ала бастады.

Ал, 1955 ж. 4 маусымда Министрлер Кеңесі Төрағасының Жарлығымен ҚазССР Оқу министрлігінде орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін міндетті түрде оқытудан босату жөнінде нұсқау берілген. Бұл онсыз да халі мүшкілге айнала бастаған қазақ тіліне шығарылған қатаң үкім еді. Осыдан кейін-ақ солтүстік облыстардағы мыңдаған қазақ мектептері жабыла бастады.

IV-кезең. 1957 ж. ҚазССР Министрлер Кеңесі қазақ тілінде іс жүргізу жөнінде тағы да Қаулы қабылдайды. Бұл іс те әуелде қызу қолға алынады да, кейіннен бәсең тартып, жетпісінші-сексенінші

жылдары мүлдем тоқталып қалады. Оған қатал жүйе жүргізген, бұра тартқан солақай саясаттың ықпалы тимей қалмағаны анық.

V-кезең. Міне, осындай ұзақ жылдарғы қара түнектен кейін қазақ тіліне деген жарық сәуле алғаш рет 1989 ж. түсті. Осы жылы 22 қыркүйекте «ҚазССР-індегі Тілдер туралы Заң» қабылданды. Көптеген айтыс-тартыстан, ұлтжанды азаматтарымыздың табанды талабынан кейін осы Заңда «Қазақ тілі — ҚазССР-нің мемлекеттік тілі» болып жарияланды. Бұл — ұлт жанашырлары мен халықтың сол кезеңдегі саяси-әкімшілік, психологиялық-моральдік жағынан үлкен жетістігі мен жеңісі және ірі қуанышы еді.

Алайда бұл Заңда қазақ тіліне ресми мемлекеттік тіл мәртебесі берілгенмен, оны қолдануды жақсарту мен дамытудың нақты тетіктері көрсетілмеді. Билік тарапынан ана тілімізге деген көзқарас пен қамқорлық өзгеріп, тұтасқан сең бұзылғанмен, мемлекеттік тілдің қолданылу аясы әлі де көп шектеулі еді. Жазушы С.Оразалиновтің сөзімен айтсақ, бұл заң «тілдердің сіңісуі жөніндегі солақай саясатқа біржола нүкте қойған және Қазақстанда тұратын барша халықтар тілінің тең дамуына бағдар түзеген заң болды. Бірақ ол тілдерді дамыту шараларының қалай жүзеге асырылу керектігінің келешек жолдарын толық айқындай алмады» [2; 21].

VI-кезең. Осылайша шеттетіліп, қолданылуы жағынан шектеліп қалған тілімізге 1989 ж. мемлекеттік тіл мәртебесі берілгенмен, ана тіліміздің еңсесінің көтеріліп, мемлекетіміздің төріне шыққаны тек еліміздің тәуелсіздік алғанынан кейін болды. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретінде дамуы мен нығаюына бағытталған көптеген ресми құжаттар қабылданды. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңның 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Мемлекеттік тіл — мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», — деп, ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі құқықтық тұрғыдан толық негізделген [3].

1996 ж. 4 қарашада бекітілген «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тұжырымдамасы» елдегі тіл ахуалының баяу өзгеруі себептерінің бірі ретінде мемлекеттік тілдің барлық жерде пайдалануын қамтамасыз ететін тетіктің болмауы аталған еді. Кейінгі уақытта бірқатар жаңа құжаттар қабылданды. Олардың арасында Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 ж. 5 қазандағы Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», 1998 ж. 14 тамыздағы № 769 «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 8 қаңтардағы № 16 Қаулысымен бекітілген «Тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ереже», «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010, 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары бар.

«Қазақстан Республикасындағы Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» қабылдануы мемлекеттік тілде іс жүргізудің көлемі мен сапасын арттыруға ерекше серпін беріп, мемлекеттің тіл саясатындағы жаңа бағыттарын белгіледі және бұл салада атқарылатын оң істерге негіз болды. Бағдарламаның басты мақсаты — Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қызметі мен қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тілдік саясат.

Бұл бағдарлама қоғам өмірінің барлық саласында тілдерді дамыту мен қолданудың және мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдану үшін жағдай жасауда туындайтын өзекті проблемаларды шешудің нормативтік-ұйымдастырушылық негізі болып табылады. Бағдарлама көзделген барлық іс-шаралар ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени және тілдік қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға бағытталған және онда атқарылатын іс-шаралар төрт бағытқа топтастырылған:

«Бірінші бағыт — мемлекеттік тілді меңгеру. Оны іске асыру Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды көздейді. Бұл жүйенің өзегінде үшқұрамды негіз бар — мемлекеттік тілді оқыту әдіснамасын жетілдіру, оқытудың инфрақұрылымын кеңейту және мемлекеттік тілді меңгеру үдерісін ынталандыру.

Екінші бағыт — мемлекеттік тілді көпшілікке тарату және оның қолдану аясын кеңейту. Оған қол жеткізудің алгоритмі мемлекеттік тілдің беделін арттыру мен қолдану аясын кеңейту жөніндегі жұмысты жүзеге асыруды меңзейді.

Үшінші бағыт — қазақстандықтардың тілдік мәдениетінің деңгейін арттыру. Бұл, ең алдымен, әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауларын жүйеге келтіруді қамтамасыз етуді көздейді.

Төртінші бағыт — лингвистикалық капиталды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау. Мұнда, ең алдымен, Қазақстанда тұратын этнос өкілдерінің ана тілдерін оқытуға жағдай жасау көзделеді» [4].

Осы ресми құжаттардың нәтижесінде қазіргі кезде мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде мемлекеттік тілдің қолданылу аясының біршама өсіп келе жатқаны байқалады. Мемлекеттік тілдің Қазақстанды туған елім, өз жерім дейтін барлық этнос өкілдері мен диаспоралар үшін қажеттілікке айналуына Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев та елеулі еңбек сіңіріп келеді. Елбасымыз халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауларында мемлекеттік тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп, оның даму бағыттарын айқындап отырады. Мәселен, 2003 ж. «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылғы негізгі бағыттары» атты Жолдауында руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде ауқымды жобалардың басын қосатын «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруды ұсына отырып, оның төртінші мақсаты ретінде «мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толымды қорын жасауды» ұсынса [5; 163], 2005 ж. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауында мемлекеттік тілді барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде танып, оны одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек екенін баса айтты [5; 206]. Ал, 2008 ж. «Қазақстан халқының әл-қуатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында еліміздегі «Тілдің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуді талап ете отырып, «бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударды» және қазақ тілін оқытудың үздік, инновациялық, әдістемелік құралдарын, сапалы оқулықтарын әзірлеу үшін жауапты тиісті органдарды нақты шешімдер қабылдауға міндеттеді [5].

Міне, осылайша еліміздегі тілдердің, әсіресе мемлекеттік тілдің өсіп-өркендеуін, даму бағыттары мен қолдану шеңберін үнемі назарда ұстап, оған барынша қолдау көрсетіп келген Елбасымыз өзінің 2011 ж. Жолдауында да тілдерді дамытуға ерекше көңіл бөліп, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту үшін нақты міндеттер жүктеп отыр. Нұрсұлтан Әбішұлы «бүгінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген ересек тұрғындардың үлесінің басым көпшілікті құрауын» «Тәуелсіздігіміздің орасан зор жетістігі» ретінде бағалай келіп, мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтардың санын 2017 ж. 80 пайызға жеткізуді көздесе, 2020 ж. 95 пайызға жетуді міндеттейді, ал он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатыны көңілге қуаныш сеуіп, мемлекеттің тілдің жарқын болашағына деген үлкен сенім қалыптастырады. Бұл Жолдауда Елбасымыз мемлекеттік тілді қолдану мен дамытуға қатысты айқын міндеттер мен нақты мерзімдерді белгілеп берсе [6], 2012 ж. 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызда одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс» екенін атап көрсетті [7]. Ал, 2014 ж. 17 қаңтарындағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» деп тіл туралы дауға нүкте қойды [8].

Іс жүргізу құжаттарын қамтитын ресми-іскерлік стильді тілші-ғалымдар үш топқа бөліп қарастырып жүр. Олар: *заң шығарушылық, дипломатиялық және әкімшілік-кеңселік*. Осы үш бағыттағы қазақ тілінің қолданылуын талдап көрелік. Әкімшілік-кеңселік стильге түрлі мекемелердегі іс жүргізу құжаттары жатады. Бұл бағытта мемлекеттік тілдің қолданылу аясының біршама кең таралғанын атап айтуға тиіспіз. Алайда оның проблемалары да жетерлік. Мәселен, көптеген мемлекеттік емес ұйымдар мен ірі бизнес-компаниялары, жекелеген министрліктер іс жүргізуді әлі де қалыптасқан дәстүрмен ресми тілде жүргізіп отырса, ал кейбір мекемелер мемлекеттік тілді тек аударма тіл ретінде ғана қолданып отыр. Мұндай аударма тілдің мәселесі заң шығарушылық стильде де қалыптасқан үрдіске айналған. Бүгінге дейінгі қабылданған заңдарымыздың барлығы ресми тілде дайындалып, мемлекеттік тілге тек аударылумен шектеліп келе жатыр. Бұл жерде академик Ә.Қайдардың «мемлекеттік тілді аудармамен байыта алмаймыз» деген тұжырымын еске сала кеткен, артық болмас. Ал, сыртқы қатынасты қамтитын дипломатиялық стиль-

де ана тіліміз әлі босағадан да сығалай алмай жүр. Басқа мемлекеттермен қарым-қатынас жасау барысында бірде-бір министрлік пен ірі компаниялар мемлекеттік тілді қажетсініп отырған жоқ. Соңғы кездері қазақ тіліндегі заң мәтіндерінің стилистикасы туралы ғылыми зерттеулер аз да болса жарық көре бастаса, дипломатиялық стильдің тілдік-жанрлық ерекшеліктері мен ғылыми-танымдық негіздері туралы мәселелер әлі де өз кезегін күтіп жатыр. Бұл мәселелерді зерттеу — қазақ тілі стилистикасының болашақтағы міндеті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Сыздықова Р.Ф.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1993.
- 2 *Оразалинов С.* Қазіргі кезеңдегі тіл саясаты және мемлекеттік тілді мемлекеттік органдарға енгізу проблемалары // Тіл және қоғам. — 2003. — № 1.
- 3 Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. — 1997. — 11 шілде. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz
- 4 Қазақстан Республикасындағы Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2011. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz
- 5 Елбасы жолдады — елі қолдады. — I-т. — Астана: Күлтегін, 2008. — 299-б.
- 6 Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. — Тараз: Сенім, 2011. — 17-б.
- 7 «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы. — Тараз: Жамбыл Press Service, 2014. — 66-б.
- 8 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. — Тараз: Жамбыл Press Service, 2014. — 13-б.

А.О.Ибрайым

Этапы формирования и развития официально-делового стиля в казахском языке

В статье рассмотрены границы использования государственного языка, формирования образцов ведения делопроизводства на государственном языке, история его развития. История ведения делопроизводства на государственном языке делится на 6 этапов. В соответствии с каждым этапом, выявлены лингвистические признаки документов и социальная служба государственного языка. Кроме того, проведен анализ официально-нормативных документов, направленных на расширение границ использования государственного языка в республике. Всесторонне проанализированы недостатки и достоинства этих документов.

А.О.Ибрайым

Stages of formation and development of official-business correspondence in the state language

The formation of periods of state language usage and formation of document samples in state language, its development history are given in the article. The history of documentation in state language was divided into six periods, in each period it has its own language signs and social function. Also the analysis of official-normative documents was done thoroughly which shows its advantages and disadvantages.

References

- 1 Syzdikova R.G. *The history of Kazakh literary language*, Almaty: Ana tili, 1993.
- 2 Orazalinov S. *Language and society*, 2003, 1.
- 3 *The law about language of the Republic of Kazakhstan*, 1997, July, 11, [ER]. Access mode: adilet.zan.kz.
- 4 *The state program 2011–2020 devoted to the development and usage of language in the Republic of Kazakhstan*, Astana, 2011, [ER]. Access mode: adilet.zan.kz.

5 *The President's message — its fulfillment*, 1, Astana: Kultegin, 2008, p. 299.

6 *We look for the future! The President N.A.Nazarbayev's message to the people of Kazakhstan*, Taraz: Senim, 2011, p. 17.

7 *Kazakhstan – 2050: The new policy of strategically formed country. The President of RK N.A.Nazarbayev's message to the people of Kazakhstan dated from 2012, December, 14*, Taraz: Zhambyl Press, Service, 2014, p. 66.

8 *The way of Kazakhstan – 2050: one aim; one task; one future»*: The President's message dated 2014, January, 17, Taraz: Zhambyl Press Service, 2017, p. 13.

ӨОЖ 811.512.122'37

А.Қ.Купаева

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана
(E-mail: ais.kupayeva@yandex.ru)*

Туынды сөз семантикасының қалыптасу ерекшеліктері

Мақалада туынды сөз семантикасының қалыптасу ерекшеліктері мен мән-мағыналық қызметі қарастырылды. Автор негіз сөз бен туынды сөздің арасындағы мағыналық байланысты және туынды мағынаның дамуы барысында қалыптасатын мағыналық айырмашылықтарына тоқталды. Сонымен бірге туынды сөз мағынасының қалыптасуына қатысты ғалымдардың ойлары берілді. Туынды сөздердің семантикасының қалыптасуында әр түрлі деңгейде сақталып, қатынасқа түсетін құрамындағы семаларды талдап анықтама беріп, сөздің семантикалық күрделілігі осы семаларға байланысты екендігі айтылды. Сөзжасамдағы семантикалық өзгерістің себептері жан-жақты талданды.

Кілт сөздер: туынды сөз, семантика, семантикалық өзгеріс, негіз сөз, туынды мағына, уәждеме, сөзжасамдық формант.

Тіл үнемі дамып, өзгеріп отыратын күрделі құбылыс. Тілдің дамуы күрделі, әрі кешенді процестерден тұрады. Алайда бұл өзгерістер тілдің ішкі заңдылықтарына, белгілі бір жүйеге сәйкес жүреді. Тілдегі өзгеріске бейім лексикалық қор үнемі толығып отырады. Лексикалық қордың толығып отыруы тілдің ішкі және сыртқы заңдылықтары негізінде екі түрлі жолмен іске асырылатыны белгілі: кірме сөздер және сөзжасам арқылы.

Туынды сөз — сөзжасамның түрлі әдіс-тәсілдері арқылы жасалған жаңа мағыналы сөз. Яғни, туынды сөз — сөзжасамдық процестердің жемісі. Сөзжасам номинация процесінің орындалуын қамтамасыз ете отырып, адамның танымдық қызметінде шешуші рөл атқарады.

Сөзжасам өмірде пайда болған жаңа ұғымдарды атау қажеттігі үшін қызмет етеді [1; 73]. Сөзжасам шындық өмірдегі белгілі бір зат пен құбылыс туралы пікірдің қалыптасуымен, ондағы белгілі бір қасиеттер мен белгілерді танумен байланысты болады. Туынды сөздер тілде бұрыннан белгілі лексикалық элементтер негізінде жасалады. Сөз жасауға негіз болған түбір сөзді — себепші мағына деп атайды және оның семантикалық мағынасы біріншілік мағына деп аталады. Ал одан түрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы туындаған туынды сөздің мағынасы екіншілік мағына болып табылады [2; 38]. Мәселен, *әнші* туынды сөзіндегі түбір сөздің мағынасы «музыкалық туынды» болса, *-ші* сөзжасаушы форманты арқылы «кәсіп иесі» мағыналық реңкі туындайды.

Әрбір туынды сөз адамның сөз сөйлеу ойлау, танымдық және номинация қызметінің нәтижелерін білдіреді, сондықтан да сөздің туынды мән-мағыналарын зерттеу барысында аталған қызметтің ерекшеліктерін, сондай-ақ сөз жасау процестерін басқа түрдегі атау әдістерінен қандай әдістер ерекшелендіретіндігін сипаттай аламыз. Сөз жасау үрдісін зерттеген ғалымдар оның түрлендірілген сипатына назар аударғандығын білеміз, алайда туынды сөздерді үлгілеу заңдылықтарын қарастыру барысында ұзақ уақыт бойы олардың формалды ерекшеліктеріне талдау жасалып, туынды сөздерді белгілі бір сөз жасау үлгілері бойынша құрастыру ережелеріне негізделген болатын. Сөз жасау үрдісін номинацияның қайта пайда болатын бірліктерін үлгілеу жүйесі ретінде қарастыру барысында зерттеушілер аталған бірліктерді құрудың басқа да аспектілеріне назар аударды, өйткені номинацияның жаңа бірліктеріне деген талпыныс, ең алдымен, жаңа мағыналарды